

Естеміров Мұхамеджан




**БАС МҮФТИ ЕРЖАН ҚАЗЫ
МАЛҒАЖЫҰЛЫ**

ҒИБРАТНАМА



«АЗИАТ» баспа үйі
Шымкент, 2013ж



УДК-28
ББК-86.38
Е-85

Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының ОҚО бойынша өкілдігінің
ғылыми кеңесі тексеріп, мақұлдаған

Құрастырған автор
Естеміров Мұхамеджан Жамантайұлы,
ҚМДБ-ның ОҚО бойынша өкіл имам
орынбасары, т.ғ.магистрі

Бұл кітапта дін және мемлекет қайраткері,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы
хазреттің түрлі деңгейдегі кездесулер мен
жиындарда айтқан қанатты һәм ғибратты сөздері
жинақталған. Кітап барша оқырман қауымға
арналады.

ISBN 9965-9786-8-9

«АЗИАТ» баспа үйі, 2013



«Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал.»

Елбасы Н.Ә.Назарбаев



АЛҒЫ СӨЗ

Бисмилләһир рахманир рахим!

Барлық мадақ бір Аллаһқа ғана лайық. Күллі дүниені жаратушы Аллаһ тағаланың салауаты мен сәлемі әлемнің рахым нұры Мұхаммедке (с.а.с) оның әулеті мен сахабаларына болсын!

Құрметті мұсылман жамағат!

Бұл «Ғибратнама» атты еңбекте діни қайраткер, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы хазреттің түрлі деңгейдегі кездесулері мен жиындарда айтқан қанатты һәм ғибратты сөздері жинақталған. Онда асыл дініміздің өсіп-өркендеу жолдарымен қатар, өскелең ұрпақ – жастарымыздың бойына тағылымды тәлім-тәрбие мен отан сүйгіштік қасиеттердің сіңірілу барысы, Әбу Ханифа мазһабының қадір-қасиеттері, т.б. мәселелерге байланысты ойлар жан-жақты баян етілген. Сонымен қатар, еңбекте тұрлаулы тарихи тағылымдар сөз болып, ұлттық салт-санамыз бен өзге де құндылықтарымыздың дінмен

сабақтастығы жөніндегі айшықты ойларға кезек берілген.

Шын мәнінде, білімі мен біліктілігі астасқан жас Дінбасы туралы көпшілік қауым әлі де толыққанды танып, біле бермеуі мүмкін. Мысырдағы әйгілі әл-Азһар университетінің Шариғат және заң факультетін бітірген хазрет Египеттің Каир мүфтиятының Пәтуә шығару бөлімінде білімін шыңдады, біліктілігін арттыра түсті. Бүгінде елімізде мұндай ілімді мамандардың тапшылығы анық сезіледі.

Дінбасылыққа сайланғанына көп уақыт өте қоймаса да Ержан қажының тарапынан ауыз толтырып айтарлықтай істердің атқарылып жатқанына дүйім ел куә. Алыс және жақын шет елдердегі ресми кездесулер, арнайы қабылдаулар, ел арасындағы түрлі кездесулер мен жүздесулер, т.б. жұмыстардан Бас мүфтидің алға қойған мақсат-міндеттері айқын аңғарылады.

Елімізде Исламның інжу-маржан асыл құндылықтарын ардақтау мен оны игеру, қорғау, дамыту, дін қызметкерлерінің білімі мен қоғамдағы рөлін арттыру, діни оқу орындарының әлеуетін көтеру, т.б. тындырымды тірліктердің жаңадан кең өріс ала бастағаны байқалады. Еңбекте осы

мәселелердің де ескерілуімен қатар, көптеген азаматтардың Дінбасыға қатысты жолдаған орамды ойларына орын берілген.

Дінбасының тарапынан білімге ерекше назар аударылатынын келесі сөздерінен байқауға болады. Ол дін қызметкерлерімен кездесуіндегі бір сөзінде: **«Кемінде 5 шәкірті болмаған имам – имам емес. Сіздердің, мешіт қызметкерлерінің арасында өзара бауырмалдық күшеймейінше, жұмыс нәтиже бермейді. Бір-бірлеріңізбен түсінісіп, тірлік етіңіздер. Алауыздыққа жол бермеңіздер. Имамнан кеткен кемшілік – дінімізге, Діни басқармаға үлкен нұқсан келетінін ұмытпаңыздар. Егер біз бір-бірімізге жанашырлық танытып, қателессек – түзетуге, сүрінсек – демеп жіберуге тырыспасак, мұны бізден басқа кім істейді? Біздер, дін өкілдері – елге үлгі, ұрпаққа ұстаз, қоғамды тәрбиелеуші тұлғамыз. Дін адамы қарапайым болу керек. Біз шенеунік емеспіз. Құрметті әріптестер, бәріміз осыны естен шығармауға тиіспіз»** деген болатын. Түсінген жанға бұдан артық қандай сөз керек?!

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты діни жұмыстармен өзара атастыра білудің

үлкен қажыр-қайратты қажет ететіндігі белгілі. Бас мүфти тарапынан атқарылатын тірліктің бастыларының қатарына бұл міндеттердің де енетіндігі даусыз. Оның «Ислам діні мемлекетте, қоғамда тыныштық, әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса, біз тек діни істерден бөлек осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені, адам баласы қайырлы да ізгі ісімен ғана Жаратушыға жақындайды. Ендеше, баршаңызды сауапты да жауапты жұмыстарды бірігіп атқаруға шақырамын» деген сөздерінен-ақ, нені мұрат тұтып, қандай жолды ұстанатындығын анық аңғаруға болады.

Сандаған ғасырлар бойы бірге, өзара біте қайнасып келе жатқан дін мен ұлттық ұстындарымызды ұлықтап, дәріптеуде Діни басқарманың алдында жаңа міндеттердің тұрғандығы байқалады. Бұл Бас мүфтидің «Имам-молдаларға дін ғылымы мен қатар елдің тарихын, қазақ мақал-мәтелдерін, ұлт көсемдері мен би-шешендерінің даналық ой-тұжырымдарын, діни өлең-жырларын жаттатып, уағыз-насихатты сондай ұлттық құндылықтармен тұздықтап отыруға машықтандырамыз. Осындай

білім сайыстарының дін қызметкерлерінің бүгінгі қоғамның сұранысына сай білім ізденуіне, өздерін өздері қамшылап дамуына, ой өрістерінің үнемі кеңеюіне септігі тиер еді деп ойлаймын» деген сөздерінен де аңғарылуда.

Елімізде дәстүрлі дін қызметкерлеріне үлкен сенім артылып отыр. Мешіт имамдары мен қызметкерлері еліміздің ішкі және сыртқы саясатын жан-жақты қолдай отырып, түрлі кереғар діни ағымдармен күресу, дінаралық келісімді сақтау, этносаралық татулықты бекемдеуге үлес қосу арқылы тиісті жұмыстарды жүргізіп келеді. Осы мәселелерге қатысты үстіміздегі жылы Астана қаласында дін өкілдерімен кездескен Мемлекет Басшысы былай деді: «Еліміздегі дәстүрлі исламның бірден-бір мойындалған құрылымы – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. Діни қатынастарды реттейтін жақында қабылданған Занда мемлекет халқымыздың рухани өмірінде исламның ханафи бағытының орны мен ролін мойындайтыны атап көрсетілді. Бұл – өте дұрыс. Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан біздің дін саласындағы саясатымыз конфессияаралық татулық пен

тағаттылықты нығайтуға бағытталған. Бізде діни сенім бостандығына Конституция кепілдік береді. Діни басқарма өкілдері тек дін саласында ғана емес, өзге салаларда да өз білім-біліктерін арттыруға тиіс». Осыған байланысты мешіт қызметкерлері осынау сенімнің үдесінен шыға білуі тиіс деп ойлаймыз.

Дін саласында атқарылып жатқан жұмыстарды халыққа жеткізуде насихаттық жұмыстарды көптеп жүргізудің маңызы жоғары. Осы орайда арнайы кітапшалар мен әдістемелік құралдардың жеткілікті шығарылуы қажет-ақ.

Жалпы алғанда, «Фибратнама» еңбегінен көзіқарақты оқырманның өзінше ой түйіп, дін мәселелерінен көптеген мағлұматтарды алатындығы сөзсіз. Кітаптың әсіресе, жастар өкілдеріне берері мол деп білеміз.


**Ізгі ниетпен,
Бейбіт қажы Мырзагелдиев
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының
ОҚО бойынша өкіл имамы,
дінтану ғылымдарының магистрі,
профессор**

ӨМІРДЕРЕК

Маямеров Ержан Малғажыұлы 1972 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. 1990 жылы Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепті тәмамдаған; 1991-1992 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, сол жылы Мысырдағы әлем мұсылмандарының әйгілі әл-Азһар Ислам университетінің шариғат және заң факультетіне оқуға қабылданып, осы оқу орнын 2006 бітірген; 2006-2008 жылдар аралығында Мысыр елі мүфтиятының пәтуа шығару бөлімінде білімін жалғастырды; 2008 жылы Семей қалалық Доланбай ата мешітінің бас имамы қызметін атқарған; 2011 жылы 10 қазанда Ержан Малғажыұлы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Семей өңірі бойынша өкіл имамы қызметіне бекіді; Өкіл имам қызметін 2013 жылға дейін абыроймен атқарды; 2013 жылдың 19 ақпанында Қазақстан мұсылмандарының кезектен тыс өткен VII құрылтайында бірауыздан Бас мүфти лауазымына сайланды; Әкесі Маямеров Малғажы Мұхамеджанұлы мен анасы

Төлекова Жұмағайша Садыққызы педагог-ұстаз. Физика-математика пәнінің мұғалімі. Олар Мақаншы ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепте қызмет еткен. Әкесі Малғажы Мұхамеджанұлы мұғалімдік қызметтен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары дәрежесіне дейін көтерілген.


Бас мүфтидің балалық шағы Мақаншы ауылында өтті. Ол ұстаздар жанұясынан шыққан. Анасы Жұмағайша Садыққызы Алланың қалауымен бес құрсақ көтерген: екі ұл, үш қыз. Бүгінде олар отбасылы. Ержан Малғажыұлының Алла нәсіп еткен үш ұлы бар. Есімдері – Әли Маямер, Абдолла Маямер, Насрұлла Маямер. Бас мүфти бала тәрбиесіне қатты көңіл бөледі. Оларды қазақы дәстүрге сай имандылық тұрғысынан тәрбиелеуде. Адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа баулып, бағып-қағуда. Ержан Маямеровтің білім жолында қызығушылығының артуына ата-әжесінің діндарлығы да септігін тигізген. Ата-әжесі діндар болған. Кеңес үкіметінің «Құдай жоқ» деп ұрандатқан заманында да намазын тастамай оқыған. Оразаларына да берік болған. Әжесінің тәрбиесін көрген ол дінге жақын болып өсті. Исламның асыл



құндылықтарын бала кезінде бойына сіңірді. Бас мүфти қызметтегі қарбаласқа қарамастан, қолы қалт етсе, бала тәрбиесіне көңіл бөледі, білімін, мінез-құлқын қадағалайды. Уақытын ұрпақ санасына имандылық пен ізгіліктің баға жетпес құндылықтарын сіңіруге арнайды.

Өмірлік ұстанымы – қарапайым, адал болу, өзгелерді мейлінше ренжітпеу, балаға жақсы тәрбие беру, елге адал қызмет ету, ағайын-туысқа, өзге адамдарға жанашырлық таныту, т.б.

Қызметтегі ұстанымы – халықтың сенімінен шығу, Ислам дінін көркейте түсу, мұсылман жамағатының басын біріктіру.





**ІЗГІ ТІЛЕКТЕР
МЕН ОРАЛЫМДЫ
ОҰЛАР**



ІЗГІ ТІЛЕКТЕР МЕН ОРАЛЫМДЫ ОЙЛАР

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жаңа төрағасы сайланды. Ержан Маямеров әлемдегі ең танымал ислам оқу орындарының бірі – Египеттегі әл-Азһар университетін бітірген. Тәжірибесі жеткілікті, ол діни басқарма-ның аймақтық құрылымын басқарған. Баршаңыз бірлесіп жемісті еңбек ететіндеріңізге сенемін»

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев

Құрметті Ержан қажы Малғажыұлы!

«Дініміздің келешек дамуына қатысты бір маңызды мәселені айтқым келіп тұр. Ол – дін қызметкерлері мен зиялы қауым өкілдері арасындағы байланысқа қатысты. Тәуелсіздік алғалы Ислам діні аяғынан тік тұрып, өркен жайып келеді. Содан бері дін қызметкерлері қоғамның бір тірегі, рухани демеушілеріне айналдыңыздар. Дінді апиын деген кеңестік заманда зиялы қауым өкілдері халықтың рухани басшылары болатын. Бүгінгі таңда да зиялылар, дінжанды азаматтар, дінтанушылар, ғалымдар бар, бәрі де осы

бағыттарынан таймай, елдің мәдени, рухани, діни өміріне үнемі араласып, білгенін айтып, бағыт-бағдар сілтеп келеді. Сондықтан, зиялы қауым өкілдері мен дін мамандары өзара қоян-қолтық араласып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып еңбек етуі тиіс деп ойлаймын. Қазіргі күні ҚР Дін істері агенттігі жанында Дінтанушылар конгрессі деген қоғамдық ұйым бар. Міне, осы қоғамдық ұйым қатарында біз де асыл дінімізге, елдегі діни қатынастардың жақсаруына жұмыс жасап келеміз. Діни сала өз бетінше бөлек кетпей, осындай қоғамдық институттармен бірге тізе қоса еңбек еткенде ғана Ислам дініміз өркендейді және өзге теріс діни ағымдардың алдын алып, тұрақты қоғам қалыптастыруға жағдай жасай алмақпыз. Алдыңғы жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл өте жақсы заң болды. Осыны халыққа насихаттауда да қоғам болып атсалысып, әсіресе, елдің бет-бейнесі – зиялы қауым мен дін өкілдерінің атқарар жұмыстары қомақты болуы шындық. Міне, бүгін Қазақстанның жаңа Бас мүфтиі сайланып отыр. Оқығандықтары мол Ержан Малғажыұлы ініміз Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы секілді іргелі ұйымды талапқа сай басқарып,

жаңа айтып өткен зиялы қауыммен байланыс мәселесінде сенімнен шығады деген ойдамын. Жаңа қызметте табыс тілеймін!»

**Гарифолла ЕСІМ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты**

Құрметті Ержан қажы Малғажыұлы!

Сізді барша астаналықтардың және Өзімнің атымнан Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы қызметіне сайлануыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің мұсылман жамағатын бір иманға ұйытып, бір сенімге шақыру міндеті жүктелген осынау абыройлы да жауапты лауазым Сіздің талай жылғы жинаған діни біліміңіз бен ел руханиятының өсуі мен өркендеуі жолында атқарып келе жатқан еселі еңбегіңіздің лайықты жемісі. Халықты имандылыққа тәрбиелеу жолындағы игілікті істеріңіз қашан да іргелі болып, көп конфессиялы еліміздің дінаралық татулығын одан әрі нығайтуға жемісті еңбек ете бергейсіз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, лауазымды қызметіңізге табыс тілеймін!

**Ізгі ниетпен,
Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,
Астана қаласының әкімі**

Құрметті Ержан қажы Малғажыұлы!

«Қазақстанның жауапкершілігі ауыр және абыройлы қызметке тағайындал-дыңыз. Біз Қазақстанмен достық пен бауырластықта, тығыз қарым-қатынаста келе жатқан елміз. Ата тегіміз бір, шаңырағымыз бөлек туыс мемлекетпіз. Бүгінге дейін Қазақстанмен қоян-қолтық жақсы мәміледе болып келдік. Бұдан кейін де қарым-қатынасымыздың жақсара түсетініне сенімім мол», - деді.

**Мехмет ГӨРМЕЗ,
Түркия Республикасы Дін істер
дианетінің төрағасы, Бас мүфти**

Многоуважаемый муфтий!

**Ассалямү алейкум ва рахматуллахи ва
баракатух!**

От имени Совета муфтиев России, Духовного управления мусульман Европейской части России и от себя лично имею честь засвидетельствовать Вам свое уважение и поздравить с назначением на пост Верховного муфтия Казахстана. Сердечно поздравляю Вас, уважаемый Ержан Малғажыұлы, с высоким назначением на столь ответственный пост, и хочу пожелать Вам успехов, плодотворной

работы на благо Вашей республики и казахстанского народа! Высоко ценю сотрудничество и взаимопонимание, которое сложилось между мусульманами Российской Федерации и Республики Казахстан. Выражаю надежду, что Ваши труды послужат созиданию мира и согласия, развитию диалога и сотрудничества между нашими народами. Выражаю искреннюю надежду, что курс Вашего предшественника Абсаттара хаджи Дербисали будет продолжен, а мусульмане России и Казахстана будут как и прежде оставаться близкими братьями. Мусульмане России просят Всевышнего Творца даровать Вам необходимых жизненных сил и новых светлых идей для успеха Вашей деятельности на предстоящем ответственном посту. Искренно желаю Вам мира, процветания, благополучия и новых успехов. С добрыми молитвами, пожеланиями мира и добра.

**Муфтий Шейх Равиль ГАЙНУТДИН,
Председатель Совета муфтиев России
Председатель Духовного управления
мусульман Европейской части России**

Многоуважаемый Муфтий Хазрет!

Примите мои поздравления по случаю Вашего избрания на ответственный пост Верховного Муфтия Республики Казахстан! Лица, исповедующие Ислам суннитского толка ханафитского мазхаба, составляют большинство населения Казахстана, Православное Христианство – вторая по численности религия нашей страны. Убежден, что Ваша деятельность по возрождению традиционных духовных ценностей и высокий авторитет духовного лидера будут служить созиданию общественного согласия, развитию диалога и сотрудничества между народами и религиями. Искренно желаю Вам, многоуважаемый Муфтий Хазрет, здоровья, многих лет жизни и успехов в добрых делах и начинаниях на благо Казахстанского общества.

**С уважением и благопожеланиям,
Глава Православной церкви
Казахстана, Митрополит Астанинский и
Казахстанский**

Құрметті Ержан қажы Малғажыұлы!

Сізді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің атынан және Өз атымнан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болып тағайындалуыңызбен шын жүректен құттық-таймын. Адам жанын рухани мол байлыққа кенелтер зиялылықты, тектілікті, отансүйгіштікті, ұлттық мүддеге деген адалдықты үйрететін дінімізді уағыздап жүрген Сіздің қызметіңіз кейінгі жастарға үлгі болары сөзсіз. Бүгінгідей қуанышты күні Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке тілеймін.

**Құрметпен,
Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҚР Білім және ғылым министрі**

**Досточтимый муфтий Ержан хазрат
Маямеров!**

Позвольте мне от имени Мусульманской общины татар Финляндии и от себя лично поздравить Вас с избранием на пост Верховного муфтия Казахстана. Желаю Вам успешной работы на столь высоком посту во благо казахского народа и мусульман в целом.

**С искренними пожеланиями,
Рамиль БЕЛЯЕВ,
Имам Мусульманской общины татар
Финляндии**

Құрметті Ержан Малғажыұлы!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы болып тағайындалуыңызға орай шынайы құттықтауымды қабыл алыңыз. Сіздің бастамаларыңыз бен игі істеріңізде бұдан былай да табыстар биігінен көріне беруіңізге тілектестігімді білдіремін.

**Ізгі ниетпен,
Серік ПІРІМБЕТОВ,
ҚР Әзірбайжан Республикасындағы
Төтенше және өкілетті елшісі**

Құрметті Ержан қажы Малғажыұлы!

Бүгінгі күн еліміздегі мұсылман қауымы үшін ерекше маңызға, тарихи мәнге ие. Себебі, Қазақстан мұсылмандарының кезектен тыс ҮІІ құрылтайы өтіп, нәтижесінде, жаңадан Бас мүфтиіміз сайланды. Тәуелсіздік алып, етек-жеңімізді жиып, өз алдымызға дербес Діни басқарма құрғанымызға да 20 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт аралығында өз ішімізден жоғары деңгейдегі, халықаралық дәрежедегі діни кадрларымыз жетіліп шықты. Соның айғағы ретінде бүгінгі құрылтайда жаңадан сайланған Дінбасы Ержан қажы Малғажыұлын ерекше атап өтуге болады. Өйткені, Ержан қажы саналы ғұмырының 15 жылын діни білім алуға жұмсаған азамат. Жалпы жаңа мүфтиіміз жайында айтар болсақ, Ерекең Египеттен білім алып келгеннен кейін еліміздегі дін саласының өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Семей аймағында өкіл имам қызметін атқара жүріп мол тәжірибе жинады. Сондықтан Діни басқарманың тізгіні сол кісіге сеніп тапсырылуы таң қаларлық жайт емес. Күн санап дамып жатқан қазіргі қоғамда қайратты, жігерлі жастың басшылыққа келуі де уақыт талабы. Ержан қажының алға қойған мақсаты – еліміздегі дәстүрлі діннің

аясын одан әрі кеңейтіп, ұлттық және рухани құндылықтарды ортақ арнаға тоғыстыру.

Айта кетер жайт, жаңа мүфтидің бір ерекшелігі, ол әйгілі Әл-Азһар университетінің Шарифат және заң факультетін бітіруімен қатар, Мысырдағы мүфтияттың Пәтуә шығару бөлімінде білімін жалғастырды. Мұндай маман елімізде жоқтың қасы. Сондықтан, Ержан қажы өте дер кезінде тағайындалған маман болып саналады. Себебі, бізге қазір қоғамда орын алған кез келген мәселеге қатысты діни тұрғыдан пікір білдіріп, пәтуә айтатын маман қажет. Алдағы уақытта осы мәселе өз деңгейінде дамып, тың бастамалар қолға алынады деп сенемін. Өйткені, бұл жаңа мүфтидің бағдарламасына енген мәселелер. Сонымен қатар, аталған бағдарлама бойынша, алдағы уақытта Діни басқарманың беделін арттырып, дін мамандарының білімін одан әрі жетілдіру – басты міндеттердің бірі. Діни басқарма жанында Ғұламалар кеңесі жұмыс істейтіні белгілі. Жоға-рыда аталған бағдарламаға сәйкес, осы кеңеске дін саласындағы білімді, білікті мамандарды тартып, тың бастамалар мен ағымдағы жұмыстарды жандандыру қолға алынбақ.

Бүгінгі қазақтың ұстанған діні қандай, көздеген мақсатымыз дұрыс па, жаңа ғасырда еліміздегі діни ахуал қай бағытта өрбуі керек деген сияқты сұрақтарға жауап тауып, сол бойынша жүйелі жұмыстарды жүзеге асыру жаңа басшылықтың басты міндеті болуы тиіс. Соның ішінде діни білім саласы, еліміздегі жоғары оқу орындарында да теолог мамандар дайындауға ерекше көңіл бөліп, бұл бағытта «Нұр» Қазақ-Египет Ислам университетін үлгі тұту, ел арасында аталған білім ордасының беделін арттыру мақсаттары көзделіп отыр.

Жалпы Діни басқарма бүгінде ел арасында өзіндік беделге ие құрылымдардың біріне айналғаны сөзсіз. Өйткені, бүгінге дейін ол жүйелі түрде қалыптасып, ауқымды жұмыстар атқарды. Алдағы уақытта осы бағыттан ауытқымай, бастау алған жұмыстар өз жалғасын табады деп сенемін.

**Серікбай қажы ОРАЗ,
ҚМДБ-ның наиб мүфти**

Құрметті Ержан қажы Малғажыұлы!

Қазақстан мұсылмандарының жарғысында мүфти болатын тұлға қырық жас-тан асқан, діни жоғары білімі бар, адамгершілік қасиеттерге ие, беделді азамат болу керек. Міне, осы талаптарға Мысыр еліндегі Ислам ғылымының құбыласы саналатын әлемге әйгілі «Әл-Азһар» университетінде он жылдан астам уақыт оқыған семейлік бауырымыз Ержан Малғажыұлы толықтай сай келді. Ол «Әл-Әзһар» университетінің шарифат факультетін бітіргеннен кейін екі жылдай Мысырдың жоғарғы пәтуа беру кеңесінде дәріс алып, арнайы тәжірибеден өтті. Университетте бірге оқып жүрген кезімізде де Ержан Малғажыұлы студенттер арасында белсенді, сыйлы әрі беделді болды. Ешқандай ағымның ықпалына түскен жоқ. Өзіміздің дәстүрлі ханафи мәзһабы мен Матуруді ақидасын берік ұстанады.

2008 жылы оқуын бітіріп Қазақстанға келгеннен кейін Ержан Малғажыұлы алғашында Семейдегі қалалық мешітте, кейін екі жылға жуық уақыт осы өңірдің бас имамы болып қызмет атқарды. Құдайға шүкір, құрылтайға жиналған Қазақстан мұсылмандары делегаттары бірауыздан осы кісінің кандидатурасын қолдады. Бұл

қуанарлық жайт. Себебі, бұны бірлігіміздің нәтижесі деп айтуға болады. Кейбір басқа елдерді байқасаңыздар, жыл сайын, тіпті, кейде алты ай сайын мүфтилер ауысып, құрылтайда жүзден астам кандидаттар бір-бірімен қызыл кеңірдек болып, жаға жұлысып жатқан жағдайлар кездеседі. Біз ондайға барған жоқпыз. Біздегі мұсылмандар өздерін өркениетті елде тұрып жатқанын көрсетіп, бірауыздан Ержан Малғажыұлын сайлады.

Алла жазса, осы кісінің айналасына топталып, өзіміздің дәстүрлі дінімізді әрі қарай дамытып, өркендетіп, әртүрлі жат ағымдармен жұмылып күресеміз. Бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай ынтымақпен, бірлікпен жұмыс істейтін болсақ, дініміз тек қана өркендейді. Бізге, ең әуелі, тыныштық пен бірлік қажет. Тыныштық болған жерде ғана береке болады, дін өркендейді.

**Қайрат ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ,
ҚМДБ-ның наиб мүфти,
«Әзірет Сұлтан» мешітінің
Бас имамы**



**БАС МҮҒТИДІҢ
ҒИБРАТТЫ
СӨЗДЕРІ**



ИСЛАМ - БЕЙБІТШЛІК ДІНІ

Ислам – бейбітшілік, зиялылық, имандылық, шапағат, қайырым, мейірім діні. Ол тек арабтарға немесе белгілі бір ру, тайпа, ұлт, нәсілге емес, бүкіл адамзатқа түсірілген. Олар ынтымақта болсын, бірін-бірі танысын, достықта өмір сүрсін деп түсірілген.



«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді», – деп дана халқымыз текке айтпаған. Осынау алмағайып заманда мұсылмандардың басын біріктіріп, ел игілігі мен бірлігі секілді ортақ мақсаттарға жұмылдыру басты назарда болмақ. Расында да, жері кең, ал саны аз қазақ халқына ауызбіршілік керек. Ол үшін бірігіп іс жасауымыз қажет. Ұлы Жаратушымыз Қасиетті Құранда: **«...Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіндер. Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер. Алладан қорқындар! Күдіксіз Алланың азабы қатты»** («Мәида» сүресі, 2-аят), – деген.



Адам баласы дінге жүрек қалауымен келеді. Дін – нәзік мәселе.



Халқымыз: «Кұдайдан қорықпағаннан қорық», – дейді. Ендеше, оқта-текте бой көрсетіп қалатын арсыздық әрекеттер, жемқорлық, паракорлық сияқты қиянатты істер әсілі мұсылманға мүлде жат. «Мұсылманшылық кімде жоқ, тілде бар да, ділде жоқ» деп бұрынғы абыздарымыз айтып кеткендей, имандылығымызды ісімізбен дәлелдей алсақ, тіл мұсылман азайып, діл мұсылман көбейереді. Алимандылық салтанат құрған қоғамда азғындық пен арсыздықтың қайсы түріне де орын қалмасы анық.



Қазақ халқының мәдени құндылықтары, сан ғасырлардан бері сақталып келе жатқан этнографиялық мұрасының негізі

дәстүрі дініміз Исламда болған десек, еш қателеспейміз.



Дін – бүкіл әлемде адамдардың рухани дүниетанымын байыта отырып, жер бетіндегі адамзат қауымының өмір сүру игілігіне өз үлесін қосатын қуатты күш. Сондықтан сол күшті адамдар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа және мемлекетіміздің дамуына жұмсауымыз қажет.



Ислам - бейбітшілік діні.



Ислам – өзге дін өкілдеріне құрмет көрсетуге үндейтін кемел дін.



Ислам мұсылмандарды біреуге тілімен де, қолымен де зарар тигізбеуге үндейді.





Ислам – бейбітшілік діні. Адамның ала жібін аттамауға тәрбиелейтін кемел дін.



Ислам әрбір берілген нығметке аманат деп қарауды насихаттайды.



Ислам – тәуелсіз еліміздің рухани тірегі.



Ислам жұртымыздың жүрер жолы, бағыт-бағдары, қорғаны, тірегі де болып келеді.



Ислам – білім мен ғылым діні.



Ислам діні мемлекетте, қоғамда тыныштық әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса, біз таза діни істерден басқа осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені, адам баласы қайырлы да ізгі ісімен ғана Жаратушыға жақындайды.

МЕШІТ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ МІНДЕТІ

Біздің бағытымыз – дәстүрлі Әбу Ханифа мазхабы мен Матуриди ақидасын берік ұстану және оны насихаттау болып қала береді. Сонымен қатар, мешіт жамағатын мұсылмандардың ауызбірлігі мен еліміздің ынтымағын нығайта түсу үшін дәстүрлі ханафи мазхабын ұстануға үндейміз.



Дін адамы қарапайым болу керек. Біз шенеунік емеспіз.





Дін адамы атақ шығаруды мақсат тұтпауы тиіс. Алла Елшісі (с.а.с.): «Амалдар ниетке байланысты. Кім нені ниеттенсе, соны табады, яғни, сол ниетіне қол жеткізеді», – деген. Асыл дініміз – Ислам арзан абыройға ұрынбауға, болмашы мадаққа мәз болмауға үндейді. Өйткені, дінімізде екі дүниеде де бақытқа жету – тек тақуалықпен, Алладан шынайы қоркумен өлшенген. Жаратқан Иеміз біздің сырт-келбетімізге, жұрт алдындағы атақ-дәрежемізге қарамайды, жүрегімізге, ниетімізге қарайды. Танымалдылыққа ұмтылу – басқа-басқа дін адамына жараспайтын әдет деп ойлаймын. Егер бар ниетіміз ісімізді, өзімізді көрсету болса, одан кімге не пайда? Дана халқымызда тауып айтылған әдемі сөз бар емес пе? «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады». Біздің ұстаным, халқымыздың нақыл сөзімен айтқанда, «арық сөйлеп, семіз шығу».



Менің ұстанымым: әлгінде айтқандай, қарапайым болу, мұсылман жамағатының басын біріктіру, ел сенімін ақтап, Ислам дінін

салт-дәстүрімізбен үйлестіріп, көркем түрде насихаттау.



Біз бүгінде имам-молдаларға үлкен жауапкершілік жүктелген заманда өмір сүріп отырмыз. Кез келген елдің діни ахуалы дін кадрларының байыпты қадамы мен байсалды іскерлігінсіз тұрақтанбайтыны тағы ақиқат.



Дінге қызмет сауапты да, жауапты қызмет.



Исламда зорлық жоқ. Құранда Алла тағала осылай деген. Біз өзгелерді күштеп дінге әкелмейміз немесе өз мәзһабымызды ұстануға мәжбүрлемейміз. Асыл дініміз Ислам-дағы дәстүрлі бағытымыз – Әбу Ханифа мәзһабы – демократиялық принциптерге негізделген жол. Ол – біздің дәстүрімізбен, салтымызбен бітеқайнасып кеткен мәзһаб.





Дін өкілдері жақсылыққа үлес қосуда бірқатар берекелі істердің бастамашысына айналуы тиіс. Өйткені, мәселе бәрімізге ортақ. Бүгінде иманнан алшақтаудың ақы-ры қандай өкінішті жағдайларға әкеліп жатқанын көріп отырмыз. Темекі шегу, есірткіге еліту, арақ ішу, ажырасу, өзін өлімге қию, түсік жасату, т.б. мәселелер баршамызды ойландыруы керек. Елдің болашағына бәріміз жауаптымыз.



Асыл дініміз – Ислам арзан абыройға ұрынбауға, болмашы мадаққа мәз болмауға үндейді.



Қазір бізге ұлттық санасы қалыптасқан, діни білімі терең, интеллектуалы жоғары

заманауи имамдар қажет. Имам-молдалардың білімі мен біліктілігін жаңа заманға сай жетілдірудің де өзектілігі анық сезіліп отыр.



Имам-молдаларға дін ғылымы мен қатар елдің тарихын, қазақ мақал-мәтелдерін, ұлт көсемдері мен би-шешендерінің даналық ой-тұжырымдарын, діни өлең-жырларын жаттатып, уағыз-насихатты сондай ұлттық құндылықтармен тұздықтап отыруға машықтандырамыз. Осындай білім сайыстарының дін қызметкерлерінің бүгінгі қоғамның сұранысына сай білім ізденуіне, өздерін өздері қамшылап дамуына, ой өрістерінің үнемі кеңеюіне септігі тиер еді деп ойлаймын.





Халыққа қызмет ету – абыройлы,
жауапты һәм сауапты жұмыс.



Дін насихаты - баршамызға ортақ іс. Ол үшін ең алдымен діни кадр мәселесін жолға қоюымыз қажет.

ДІН МЕН САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Расында, қазақты басқа халықтан ерекшелеп тұратын өзіне тән қасиеті бар. Ол – шалқар даласындай кең көңілі, дастарханы жиылмайтын дархандығы, сыпайылығы, ізгілікке ұмтылған кең пейілі мен достығы. Айта берсек, далалықтарға тән даралық пен дегдарлықты негіздеген игі дәстүр мен даналықтан кенде емеспіз.


Ата-бабадан аманат болып жеткен сол дәстүрлердің бір парасы сан ғасырлардан бері ұласып келе жатқан ұғым-ұстанымдар болса,

ал басым бөлігі асыл діннің әсерінен пайда болған дағдылар.



Исламның дәстүрімізге сіңіп кеткені сонша, көптеген мақал-мәтелдер Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадисінен алынған. Мысалы: «Үйден бұрын көрші тап, жолға шықпай тұрып жолдас тап», – деген хадис бар. Халқымыз осы өсиетті нақылға айналдырып: «Сапарға шықпас бұрын серігінді сайла, үй алмас бұрын көршінді ойла», – деген. Хадисте: «Асықпау – Рахманнан (Алладан), асығу – шайтаннан», – делінсе, халық арасында: «Асыққан шайтанның ісі», – деген нақыл кең тараған. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Кеңес қылған ел азбас», – деп өсиет етсе, осы хадисті халқымыз да өмірінің өзегіне айналдырып, бертін келе мақал ретінде айтылып, тіпті, қасына ұйқасын келтіріп былай деген: «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас». Мұндай мысалдар жетерлік.





Біз Исламның салт-дәстүрді сақтап қалудағы күші мен құндылықтарын ескермей жүрміз. Діннен безген адам дәстүрді де тәрк етеді. Ар-намыс дейтін үлкен ұғымды аяқасты етеді. Демек, дін – дәстүріміздің қорғаны.



Бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшпағы емес пе? Мақсатымыз – дінімізді көркейту, халықтың бірлігін нығайту, елге қызмет ету. Ендеше, Сізді және ұжымыңызды игілікті істерді жұмыла жүзеге асыруға шақырамын.



Шалғайдағы елді-мекендерде дінге қызмет етіп жатқан имамдарға деген менің құрметім ерекше. Мешіт жұмысын жүргізу, өзгелер ойлағандай, оңай шаруа емес. Азды-көпті кедергілерге мойымай, сауап алуға ұмтылғандарыңыз үшін Алла разы болсын.



Айналадағы адамдардың жағдайымен, халықтың әдет-ғұрпы, таным-түсінігімен санасқан дұрыс. Ислам шариғаты негіздерінде де «әдет-ғұрыптан үкім алынады» деген қағиданы ескерген абзал. Дініміз даналық жолын, орталықты ұстануға үндейді. Еліміздің бірлігі мен тыныштығы үшін кейбір мәселелерде қоғамның түсінігіне қарау қажет. Олай болмаған жағдайда, мұсылман жастарының арасында бөлінушілік, алауыздық орнайды. Ел бірлігі бұзылып, дініміз дүдәмал күй кешеді. Бұл – өте қауіпті.



Дін – дәстүріміздің қорғаны.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ СПОРТ ТУРАЛЫ

Дәстүрлі дініміз Исламда жас ұрпақтың санасына ізгіліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді атаның баласы емес, адамның баласы болуға баулу айрықша маңызға ие. Алайда жастар арасындағы кері құбылыстар мұсылман бауырларымыздың ара-сында

да кездесіп отырғаны жанға батуда. Қазақ қоғамы да осы шын-дықтармен бетпе-бет келуі жасы-рын емес. Сергектік жастарға тән қасиет болғандықтан, спортты іні-қарындастарымыздың жан серігіне айналдыра білу де маңызды.



Хадистерде жастарды суға жүзу, жүгіру, күрес, садақ ату сынды спорт түрлеріне баулу керектігі айтылса да, бүгінде Ислам әлемі спортта өз биігінен көріне алмай отыр. Ендеше, бізде әлемдік додаларда топ жаратын мұсылман жастарды шығаруға атсалысуымыз қажет.



Бүгінгі таңда жеткіншектер арасында семіздік ауруының кең тарап бара жатқаны да алаңдатады. Бұның да алдын алу қажет. Алайда мұның жауабы Исламда қамтылған. Яғни ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу керектігін Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтып, ісжүзінде көрсетіп үлгі болып кеткен.

Шариғатымызда ненің харам, ненің халал екені ашық та айқын көрсетілген.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Ислам дінінің Қазақстанға келгеніне 1250 жылдан асты. Өз табиғаты мен болмысына барынша жақын асыл дінді танып-білген бабаларымыз оны сонау VIII ғасырда-ақ қабылдаған. Содан бері Ислам жұртымыздың жүрер жолы, бағыт-бағдары, қорғаны, тірегі де болып келеді. Ел басына күн туып, ұлттың сақталып қалуын таразылар шақ туғанда да ата дініміз көңілге медеу, күш-қуат болды, солай болып та келеді.



Шығыс даналығында: «Терезені ашсаң, саф ауамен бірге шаң-тозаң бірге ілесіп кіреді», – деген сөз бар. Тәуелсіздік алған жылдары Исламның қайнар бұлағы саналған Құран мен сүннетті, асыл дінімізбен үндескен дәстүрімізді жоққа шығарып, оны бұрмалап жеткізіп, тура жолдан тайдыратын ағымдар да жұмысын белсенді жүргізе бастады.

Біз оның зардабын әлі күнге дейін тартып келеміз. Ендеше, Отанын сүйетін, дін мен ділдің қадірін сезінетін әрбір азамат өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіне отырып, халыққа қызмет етуі тиіс. Асыл дініміздің адамгершілікке негізделген құндылықтарын жұртқа насихаттау – тек діни басқарманың жұмысы деген пікірден аулақ болғанымыз абзал.



Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзақ-сонар тарихы болады. Содан әр ел өмірлік сабақ алып, келешегін жоспарлайды. Талай зұлмат заманға төтеп берген, тар жол, тайғақ кешкен мұсылман қазақ бір Аллаға сыйынып, тура жолдан танбады. Діндарларға қысым жасалса да ақын-жырауларымыз: «Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен...» деп, қасқайып тұрып жырлады.



Иә, дінмен, иманмен, сеніммен бітеқайнасып жатқан тарих қашан да сәулелі, нұрлы һәм берекелі болмақ.



Соңғы кездері кейбір намазхан бауырларымыздан: «Марқұмның жетісі, қырқы, жылын беру, қатым түсіру болмайды, ол шарифатта жоқ», – дегенін естіп қаламыз. Расында, ешнәрсенің байыбына бармай: «Анау болмайды, мынау болмайды» деп жүргендер аз емес. Діндегі жәйттерді өзінің ақылына салып шешкісі келеді. Ата-бабаларымызды тіпті на-дан көреді. «Дінді дұрыс білмеген, шарифатта жоқ нәрсені істей берген», – деп қаралайды. Расын айтсақ, біздің ата-бабаларымыз дінді бізден жақсы түсінген.



Мысырға құл болып келіп, сұлтандық дәрежеге дейін көтерілген атамыз мешіттер мен медреселердің бой көтеруіне, білім мен ғылымның қанат жаюына көп үлес қосты. Бабамыз Мысырдың әміршісі болған тұста мұнда тұрақтылық орнады. Ол халыққа жақын болып, алым-салықты азайтқан және түрмедегі тұтқындардың біразын босатқан. Каирдегі әл-Азһар мешітін қайта қалпына



келтіріп, іргелі оқу ордасына айналдырған – біздің Бейбарыс бабамыз. Мысыр мен Шам елінде көптеген медреселер салды. Соның бірі «Заһири медресесі» атты оқу орны Каирде әлі күнге дейін бар. Медреселердің ішінде мол кітап қоры бар кітапханалар да жұмыс істеді. Қалада Заһир Бейбарыс Жами деп аталатын үлкен мешіт салдырған. Осы құлшылық үйі орналасқан аумақ әлі күнге дейін аз-Заһирия деп аталады. Бейбарыс заманында салынған ғимараттар әлі күнге дейін Каир қаласының сәнін келтіріп тұр

ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕУ

Кемінде 5 шәкірті болмаған имам – имам емес. Сіздердің, мешіт қызметкерлерінің арасында өзара бауырмалдық күшеймейінше, жұмыс нәтиже бермейді. Бір-бірлеріңізбен түсінісіп, тірлік етіңіздер. Алауыз-дыққа жол бермеңіздер. Имамнан кеткен кемшілік – дінімізге, діни басқармаға үлкен нұқсан келетінін ұмытпаңыздар. Егер біз бір-бірімізге жанашырлық танытып, қателесек – түзетуге, сүрінсек – демеп жіберуге тырыспасақ, мұны бізден басқа кім істейді? Біздер, дін өкілдері –

елге үлгі, ұрпаққа ұстаз, қоғамды тәрбилеуші тұлғамыз. Дін адамы қарапайым болу керек. Біз шенеунік емеспіз. Құрметті әріптестер, бәріміз осыны естен шығармауға тиіспіз.



Барлық бала мұсылман болып туылады. Бірақ өскен ортасы, ата-анасы оның Аллаға деген сенімі мен тәрбиесіне тікелей әсер етеді...



Адам білмеген нәрсесіне дұшпан» деп орынды айтылған сөз бар. Олай болса, бір нәрсені айтарда оның да Алла алдында сұрауы бар екенін ойланған дұрыс.



Білімсіз жасалған құлшылық – тамырсыз талмен тең. Тамыры терең болмаған талды жел шайқап, оңай құлатады. Сол секілді, дінді біліммен танымаудың түбі – қасірет.





Имам Шәфии: «Білім – Алланың нұры. Күнәсі бар адамға білім берілмейді», – деген екен. Құрметті шәкірттер, сіздер болашақ имамсыздар, дін қайраткерісіздер. Осындай мүмкіндік пен жағдайды ұтымды пайдаланып, ілім алуға бар күш-жігерлеріңізді сарп еткендеріңіз абзал. Алла сүйген құлын діннің жанашыры етіп қояды.



Ислами білім алу - кез-келген адамның пешенесіне бұйыра бермейтін бақ. Осы тұрғыдан алғанда, құрметті шәкірттер, сіздер Алла тағаланың нұры түскен өте бақыт-ты жансыздар. Хақ тағала Құран-Кәрімде: «Расында Алла-Тағаладан ғалымдар ғана қорқады» деп бұйы-рады. Алла Елшісі (с.а.с) да өзінің хадис-шарифтерінің бірінде: «Ілім иелері Пайғамбардың мирасқорла-ры» деп өсиет еткен. Ислам шарифаты бойынша, бір адам жантәсілім етсе, оның дүние-мүлкі ең жақын адам-дарына мұра етіледі. Сол секілді Хақ Елшісінің (с.а.у) асыл

мұрасы да оның ең жақын-жуығы саналған ғұламаларға мирасқа қалдырылады. Яғни, ынты-шынтымен ілім жолына түскен момын-мұсылмандар жаһанның жақсылық жаршысы Мұхаммед (с.а.с)-ның ізашарлары деген сөз. Десек те, ілім мейманасы тасып менменсіген адамға қона қоюы екіталай. Біздің жүрегіміз шынымен мейірленсе ғана Хақ ілім біздің кәдемізге жарайды. Сондықтан, ілім алуға ниеттенгендер ең алдымен тәкәппарлықты тәрк етуі шарт. Сондай-ақ, біз ілім алумен бірге дәйім құлшылығымызды арттыруымыз керек. Әсіресе, түн ұйқымызды төрт бөліп, таһажжуд ғибадатын жасағанымыз жөн. Сонда ғана алған ілім-біліміз бізбен бітеқайнасады.



Асыл дініміз Исламда ілім алудың өте маңызды екенін жақсы білесіздер. Исламды білімсіз танудың зардаптары да бар. Өзге діни ағымның арбауына кетіп қалудың бірден-бір себебі – дәстүрлі ислами ілімнің, түсініктің жоқтығынан. Шариғаттың сан-салалы ілімін түсінбеген адам өзін де өзгені де адастырады. Сондықтан Исламға пайдамыз тимесе де зиянымызды тигізбейікші.



Сіздер екі дүниеде де жауапкершілігі мол мамандықты таңдадыңыздар. Дінге, халыққа қызмет етуден асқан абырой жоқ. Алла тағала сүйген құлдарын діннің жанашыры етіп қояды. «Мен асыл дінім Исламды қайтіп халықтың жүрегіне жеткізем, мемлекетімнің рухани дамауына қандай үлесімді қосамын?» – деген сауалдар әрдайым саналарыңызды мазалап тұруы тиіс. Құрметті шәкірттер, халқымыздың сауатын ашуға тікелей біз жауаптымыз. Сондықтан елдің, Елбасының сенімін ақтап, дін жолында табандылық танытып, қажымай қызмет етуіміз керек.

МЕШІТ – РУХАНИ ОРТАЛЫҚ

Мешіт салудан асқан бақыт бар ма? Пайғамбарымыз (с.а.с) Алла үйін тұрғызған адам үшін жәннатта сарай салынатынын өсиет етіп, сүйіншілеген. Ендеше, жаңа мешіт имандылықтың темірқазығына айналсын. Үйде оқыған намаздан қарағанда, мешітте өтелген ғибадаттың сауабы мол. Мешітке асығайық. Құдайдың үйінде

құлшылығымызды жасайық. Құрметті бауырлар, біздер қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт, тыныш заманда өмір сүріп отырмыз. Құлшылық жасауға барлық азамат құқылы. Бабаларымыз жасырын түрде Жаратушыға жалбарынған кешегі атеистік дәуірді артқа тастап, имандылық жолын ұстануға толық мүмкіндік туған тәуелсіз елде күн кешудеміз. Біз бодандықтың қасіретін көрген елміз. Ал қазір, Құдайға шүкір, ешкім бізге неге намаз оқыдың, неге мешітке барып жүрсің демейді. Біз осындай бостандық заманның қадірін сезініп, Құдайға құл, адамға ұл болуды, имандылықты ту етуді мақсат тұтуымыз керек



Мұсылмандардың арманы – жәннат.



Мақсатымыз – Құдайға – құл, адамға ұл болу.



Біз ілім алумен бірге дәйім құлшылығымызды арттыруымыз керек.

ӘДІЛДІК ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚ

Біз бір нәрсені түсініп алғанымыз абзал: адамның қолымен жазылған заң кемшіліксіз болмайды. Алланың сөзі – Құранда ғана кемшілік жоқ. Кемшілік – пендеге, кемелдік – Аллаға тән. Сондықтан, бүгінгі қабылданған заң ертең, яғни, қажеттілік пайда болған күні өзгеруі мүмкін. Абай атамыз: «Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер», – демей ме? Бұл өмірде бәрі өткінші. Осыны ұмытпайық.



Адам баласы Исламға жүрек қалауымен келеді. Демек, иман, сенім жүрекпен байланысты.



...Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек», – деп хакім Абай атамыз айтқандай, имандылық жоқ жерде надандық жайлайды. Бәріміз бір Алланың барын мойындаймыз. Ендеше, Құдайға құл, адамға ұл болу керек. Алланың әмірі де осы ғой: «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық қылу үшін жараттым» (*Зарият сүресі, 56-аят*).



Ислам діні мемлекетте, қоғамда тыныштық әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса, біз таза діни істерден басқа осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені, адам баласы қайырлы да ізгі ісімен ғана Жаратушыға жақындайды.



Ислам адамның абыройы мен ар-ожданын бәрінен де жоғары қояды, отбасы мен қоғам бірлігін, ынтымағын сақтайды,



элеуметтік әділетті көздейді. Адамды былай қойғанда, бүкіл тіршілік иесінің бірде-біріне қылдай қиянат жасауды қоспайды.

ҰСТАЗ БЕН АТА-АНАНЫҢ ҚҰРМЕТІ

Ұстаз – ұлы да қасиетті ұғым. Ұстазды ренжіткен шәкірт ұстаздық ете алмас. Ата-аналарыңыздан кейін ұстазға құрмет көрсетіңіз. Қазір сіздердің саналарыңызда бір ғана сауал тұру керек: «Мен қалай ілім аламын?» Сіздерді: «Мен қалай жұмыс істеймін, ауданға, облысқа қайтіп имам болам, Алматы мен Астанада қалайша қызмет етсем екен, Діни басқармада қалайша бір бөлімді басқарамын, қандай жолмен мүфти болам?» – деген сауалдар мазаламауы керек. Біз қызмет сұрамаймыз. Алла разылығы үшін ауылда да қызмет етуіміз керек. Жаратушы Иеміз бәрін көріп тұр. Адамда жігер болу керек. Мақсат қойып, соған жетуге бар күшімізді сарп етейік. Білімді ұстаздарды пайдаланып, ілімді арт-тыруға тырысыңыздар.



Ислам діні мемлекетте, қоғамда тыныштық, әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса, біз тек діни істерден бөлек осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені, адам баласы қайырлы да ізгі ісімен ғана Жаратушыға жақындайды. Ендеше, баршаңызды сауапты да жауапты жұмыстарды бірігіп атқаруға шақырамын.



Асыл дініміз Исламда балаларға жақсы көңіл күй сыйлау, оларды ізгілікке тәрбиелеу – маңызды амалдардың бірі. Пайғамбарымыз (с.а.с.) кімде-кім жетімге қамқорлық көрсетсе, сол пенде жәннатта өзімен бірге болатынын сүйіншілеген. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан оларға ұдайы көңіл бөліп, тәрбиесіне алаңдауымыз қажет.



Медресе – руханият оқу ордасы



Құрметті шәкірттер! Білім алуға еш жалықпаңыздар. Ұстаздарыңызды сыйлаңыздар. Тәкаппар болмаңыздар. Осындай мүмкіндіктерді пайдаланып, алтын уақыттарыңызды ілім алуға сарп етіңіздер. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Менің мираскорларым – ғұламалар», – дейді. Құрметті шәкірттер, дінге қызмет, пайғамбардың мирасқоры болу – үлкен абырой. Алла Елшісі (с.а.с.) атақ пен байлық жинауға немесе қызмет пен билікке ұмтылмады.

ҚҰРАН КӘРІМ ТУРАЛЫ

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Сендердің араларыңда ең жақсыларың Құран оқып, әрі оны өзгеге үйреткендерің», – деген. Адам баласы Жаратушыға тек тақуалығымен ғана жақындайды. Аллаға шүкір, біз бүгінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған берекелі де тыныш заманда өмір сүріп отырмыз. Ілім алуға, имандылық жолын ұстануға ешкім кедергі емес. Сондықтан осындай асыл уақыттың құндылығын бағалайық.




Алла тағала баршамыздың бүгінгі жасаған дұға-құлшылықтарымызды қайырымен қабыл етсін. Жаратушы Иеміз дін жолында аянбай қызмет ете беруге күш-қуат, жігер, шынайы ықылас пен ниет нәсіп етпей. Бізге көркем мінез, адал ризық, құлшылыққа деген құлшыныс, ізгі амалдарды өз уақытында өтеуді баршамызға бұйырсын. Елімізге ынтымақ, мұсылмандарға ауызбіршілік, отбасымызға береке нәсіп етсін. Ел, дін қамында жүрген азаматтардың дендеріне саулық беріп, жұмыстарын берекелі етсін. Баршамыздың екі дүниеде де жүзімізді жарық етіп, жәннаттық құлдарының қатарына қосқай. Әмин.



Құранымыз – бір, Пайғамбарымыз – бір. Онда бізді басқа нендей себептер бөлуі мүмкін? Жұдырықтай жұмылып, игі істерді бірлесе атқаруымыз керек.





Діннің әлемдік деңгейдегі адамзатқа тән ойлау жүйесінен шет қалмайтындығын қазіргі заман болмысы айқын аңғартып отыр, себебі дінсіз қоғам болмайды.



Дін дегеніміз – адамды екі дүниенің бақытына жетелейтін Алланың бұйырған жолы.



Алла тағала Құранда жақсы, игі істерде бір-бірімізге көмекші болуға бұйырды. Бізді ұлық мақсаттар ғана біріктіреді.

ТІЛ МЕН ДІЛ

Кез келген ұлттың ұлт болып танылуы үшін алдымен ортақ тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, Отаны болуы тиіс.



Тіліміздің көсегесін көгерту өз қолымызда. Тек шынайы ықылас пен ниет болса болғаны.



Мүфтият тек дін емес, мемлекеттік тілдің жанашырына айналған діни мекеме. Себебі, осыған дейін барлық іс-қағаздар ана тілімізде жүргізілген, жүргізіле де бермек.



Құдайға құл, адамға ұл болуды, имандылықты ту етуді мақсат тұтуымыз керек.



...Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа», – деп данышпан Абай жырлаған бабалардың сөзін ұранға айналдырған ұрпақпыз.



Тілге құрмет көрсетуді өзімізден бастайық. Ол үшін тек ниет болса жеткілікті.





Исламға пайда тигізбесек те зиян
тигізбейікші

ИСЛАМ МЕЙРАМДАРЫ ТУРАЛЫ

Мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Ораза айтта жүрегіміз қуаныш пен шаттыққа бөленеді, жанымыз жадырап, көңіліміз шат-шадыман күй кешеді. Баршаңызды мұсылманның ұлық мерекесімен құттықтаймын. Ораза айт мүбәрак болсын!



Рамазан айы ізгі амалдардың маусымы. Бұл айда орындалатын ораза парызын аса жауапкершілікпен, тақуалықпен тұтпағымыз ләзім. Сонда ғана мойнымыздағы міндетімізді адал атқарып, Алланың разылығына жеткен боламыз. Бұхари мен Мүслімнің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген риуаятында Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Рамазан оразасын шынайы иманмен сауабынан үміт

еткен түрде тұтса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі», – деп сүйіншілейді.



Рамазан – тақуалық мектебі. Бұл айда жасалған әрбір ізгі амалдың сауабы еселеніп, жазылады.

ҚАЖЫЛЫҚ – ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ ПАРЫЗ

Қажылық – Ислам дініндегі ең маңызды құлшылықтың бірі. Мұсылмандар арасындағы имани бауырмашылдықты нығайтып, бәрі де бір дене тәрізді екендігін үйретеді. Қажылықтың әртүрлі рәсімдерін орындау барысында бір-бірін танымайтын мұсылмандар етене араласып, қарым-қатынастары артады. Рухани күш жинап, ішкі жан дүниесі ізгілікке толып келеді. Ендігі өмірін жаңадан бастауға бел буып, салихалы өмірге қадам басады. Себебі, Пайғамбарымыздың (с.а.с.): **«Кімде-кім қажылықта арсыздық пен жаман-дыққа бой алдырмаса, (еліне) ана-сынан жаңадан туылғандай болып оралады»** деген хадисін басшылыққа алады. Қажылықта зор ықыласы

мен тәубесі, талмай жасаған дұғасы арқылы барлық күнәсі кешіріліп, өмірін таза паракпен бастаған адам оны қайта кірлетіп алмауға тырысып, шарифатқа томпақ келетін әрекетке әсте бармайды.



Қажылық – ұлық сапар. Бұл жолда табандылық пен төзімділік қажет. Ол өзегелер ойлайтындай, қасиетті жерді аралап, саяхат жасап қайту емес. Қасиетті жерден оралғаннан кейін «мен қажымын» деп мақтан етуі дұрыс емес.

ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІК ТУРАЛЫ

Айналадағы адамдардың жағдайымен, халықтың әдет-ғұрпы, таным-түсінігімен санасқан дұрыс. Ислам шарифаты негіздерінде де «әдет-ғұрыптан үкім алынады» деген қағиданы ескерген абзал. Дініміз даналық жолын, орталықты ұстануға үндейді. Еліміздің бірлігі мен тыныштығы үшін кейбір мәселелерде қоғамның түсінігіне қарау қажет. Олай болмаған жағдайда, мұсылман жастарының арасында бөлінушілік, алауыздық

орнайды. Ел бірлігі бұзылып, дініміз дүдәмал күй кешеді. Бұл – өте қауіпті.



Әз пайғамбарымыз (с.а.с.) көршілермен қандай мәміледе болу керектігі туралы өз хадисінде: «Егер көршің өзге дін өкілдерінен болса, онда сенің мойныңда бір ақысы бар. Ол сенің көршің болғаны үшін. Егер көршің мұсылман болса, екі міндетің бар. Ол – бірінші көршің, екінші мұсылман болғаны үшін. Ал егер көршің мұсылман-туысқаның болса, үш міндетің бар. Ол – көршің, мұсылман әрі туысқаның болғаны үшін», – деген екен.



Іштен ірісек ісіміз алға баспайды. Осындай алмағайып заманда бүлікке емес, бірлікке ұмтылғанымыз абзал.



Ұр да жық мінез дін қызметкеріне тән емес.





Біз жамағатты біріктірудің, мүфтияттың төңірегіне топтастырудың орнына, керісінше, оларды «сен ондайсың, сен мұндайсың» деп жікке бөлетін болсақ, онда бұл ісіміз ізгі мақсаттарымызға кедергі келтірмек.



Білімсіздік – бүлікке, бүлік – бөлінуге әкеп соғады.



Діннің діттегені – бүлік емес, бірлік.



Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді», – деп дана халқымыз текке айтпаған.



Әркім өзінің қол астындағыларға жауапты екенін де хадисте шегелеп берген. Олай болса, жастармен жұмыс істеуді бәріміз бірігіп қолға алған жағдайда ғана алдын алуға болатындығын айтқым келеді.



Бір-бірімізді болмашы дүниелік мақсаттар үшін күндемей, ел игілігі үшін бірігіп тірлік етудің күні туды

МӘДЕНИЕТ ПЕН НАСИХАТ ТУРАЛЫ

Біздің жұмысымыз құдды археологтардың қызметіне ұксас. Бұл саланың мамандары жерді белден қазып, копарып, жұмысты жапырып жіберейін десе, жер астындағы жақұттар мен тарихи жәдігерлерді бүлдіріп не сындырып алады. Сондықтан олар ұзақ уақыт бойы топырақты сыпырғымен сыпырып, сабырлықпен жәдігерлерді жинап, жерден ажыратып алады. Бұл – тағаттылық



пен шыдамдылықты қажет ететін іс. Дін насихаты да солай. Асыра сілтеп, асығыстық жасауға болмайды. «Мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте», – деген сөз бар.



Қазақ халқының мәдени құндылықтары, сан ғасырлардан бері сақталып келе жатқан этнографиялық мұрасының негізі дәстүрі дініміз Исламда болған десек, еш қателеспейміз.



Дін насихаты – баршамызға ортақ іс. Ол үшін ең алдымен діни кадр мәселесін жолға қоюымыз қажет. Осы мақсатта ортақ іске мұрындық болуға шақырамын.



Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.): «Дүниені Ислам діні түзейді» деген хадисі бар. Өзіңізге белгілі, өмірінің соңында Исламды қабылдап, адамдарды ізгілікке

шақырған Еуропаның әйгілі драматургы Бернард Шоу: «Әлемді тек Ислам құтқарады», – деген. Ислам – жамандықтан тыйылып, жақсылыққа шақыратын адамгершілік діні. Алайда кейбіреулер ол туралы теріс пікір таратып, жағымсыз көзқарас қалыптастыруға тырысуда. Дегенмен, дінімізді қаралау белең алғанымен, Исламды қабылдаушылар қатары көбюде.



Қазақ халқының бүгінгі өмір тұрмысын және болашағын Исламнан тыс қарастыру мүмкін емес. Ислам діні, онымен бірге енген ислам мәдениеті, дүниетанымы, тіптен философиясы біздің әдет-ғұрыптарымызға, ұлттық ойлау жүйемізге молынан сіңген. Дініміздің қағидалары Құран мен сүннетке сүйенетіндігі баршамызға мәлім. Үкім шығаруда әһлу сүннет ғалымдары әуелі Құранға, одан кейін сүннетке жүгінді. Бүгінгі жиынға арқау болып отырған шарифатымыздың үкім шығаруда қабыл етілген әдісі – «Ижма». Ислам құқықшыларының басым көпшілігі ижманы шарифатта дәлел ретінде қабылдайды және оны Құран мен сүннеттен кейінгі орынға

қояды. Ижманың дәлелдік негіздері Құран мен сүннет болғандықтан, оны қабыл етпеу адасушылыққа апарары анық.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КӨК БАЙРАҒЫ

Тәуелсіздік – Жаратқанның ұлы сыйы, үлкен нығметі.



Алла тағаланың теңдессіз сыйы – Отанымыздың тәуелсіздігін баянды ете түсу үшін көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматқа артылар сенім мен талап зор.



Біз әр нәрсенің қадірін сезініп, бағалай білуіміз керек. Тәуелсіз елде ғұмыр кешудің өзі үлкен бақыт. Ендеше егемендігімізді баянды ете түсу үшін ең алдымен бірлік пен өзара түсіністік қажет. «Бақыт, қайда барасың?» – дегенде: «Ынтымақты елге барамын», – деген екен.



Бірлігімізге сызат түспесін. Иманды елге айналу үшін жақсылық жасауды өзімізден бастауымыз керек... Тәуелсіздігіміз тұғырлы, жастарымыз ғұмырлы, егемендігіміз баянды болсын.




Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқының алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын сақтап қалғаны – оның еркіндікке ұмтылған ерік-жігерінің, асқақ рухының, Отансүйгіш иманы мен ибалылығының арқасы.



Елдік мұрат пен ұлттық құндылықтарды имандылықпен ұштастырып, азаттықтың ақ таңын аңсаған қазақ халқы үшін «тәуелсіздік» қасиетті де қастерлі ұғым. Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Біз тәуелсіздіктің қадірін түсінген халықпыз.





Аллаға шүкір, бүгінде егемендігімізді алып, еңсемізді тіктеп, дамудың даңғыл жолына түстік. Ұмыт қала жаздаған ұлттық құндылықтармен қайта қауышып, дін мен дәстүрді түгендеп алдық. Имандылыққа шөліркеген халқымыздың құлшылыққа деген құлшынысы артты. Мешітке қадам басқан кешегі бес-алты қарияның қатары бүгінде тәуелсіз елдің ұрпағы – өресі биік өскелең жастармен толықты. Мындаған мешіттер бой көтерді.



Біз бүгінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған берекелі де бейбіт заманда өмір сүріп отырмыз. Білім алуға, қызмет қылуға, ел игілігі жолында ізгі істерді атқаруға мүмкіндік мол. Асыл дініміз Исламға ден қойып, имандылыққа бет бұрып, Құдайға құлшылық қылуға ешкім кедергі емес. Өзге елдердегі ішкі жағдайды, діни ахуалды байқап-бағамдап отырмыз. Түсінгенге бұл да бір сабақ. Бейбіт заманда өмір сүруіміздің өзі үлкен бақыт емес пе? Аллаға сансыз шүкірлер болсын!




Оңтүстікте дін мен дәстүрге деген құрмет жоғары. Оның айғағы, бұл өңірде әке тұрып бала, ана тұрып қыз сөз сөйлемейді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, өзгеге ілтипат таныту, қонақжайлық білдіру сынды қазаққа тән асыл құндылықтардың қаймағы бұзылмаған ортасы – Оңтүстік Қазақстан облысы. Еліміз бойынша мешіті көп аймақ та – Оңтүстік Қазақстан облысы.



Құрметті бауырлар! Біздер қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт, тыныш заманда өмір сүріп отырмыз. Құлшылық жасауға барлық азамат құқылы. Бабаларымыз жасырын түрде Жаратушыға жалбарынған кешегі атеистік дәуірді артқа тастап, имандылық жолын ұстануға толық мүмкіндік туған тәуелсіз елде күн кешудеміз. Біз бодандықтың қасіретін көрген елміз. Ал қазір, Құдайға шүкір, ешкім бізге неге намаз оқыдың, неге мешітке барып жүрсің демейді.





Біз осындай бостандық заманның қадірін сезініп, Құдайға құл, адамға ұл болуды, имандылықты ту етуді мақсат тұтуымыз керек.



Құдайдан қорықпағаннан қорық», – дейді халқымыз. Иманнан, Исламнан алшақтаудың ақыр-аяғы нендей өкінішті жағдайларға әкеп жатқанын бәріміз көріп жүрміз. Мемлекеттің мүлкін ұрлау, жемқорлыққа жол беру, ұлттық салт-дәстүрімізді менсінбеу, өз ана тілін білмеу, тағысын тағылар – иманның әлсіздігінен. Ал, Ислам дәстүрді, тілді қастерлеуге шақырады.



Дін саласы үнемі дамытуды, жетілдіруді, жаңғыртуды қажет етеді. Сондықтан да, алда әлі талай бағындыруы тиіс биік белестер тұр. Соның бірі – дін ғылымы саласы. Сан ғасырлар бойы қаншама дін ғұламаларын, әулие-әнбиелерді тәр-биелеп шығарған қазақ даласының қойнауы толған ғылым.



Егемендігімізді баянды ете түсу үшін әрбір азамат еліміздің болашағына, жастарымыздың келешегіне елендеуі тиіс.



Қазақ жерінде сан алуан ұлт пен ұлыстардың өкілі тату-тәтті ғұмыр кешуде. Осының бәрі Алаш еліне берген Тәңірдің тартуы, өлшемсіз рахымы десек, сол тәуелсіз елдің тұғырын тұғырлап, туын берік ұстайтын Елбасшысын тағайындап беруі тағы бір үлкен мейірімі, нығметі деп түсінгеніміз абзал.



«Отан – отбасынан басталады» демей ме қазақ. Ал сол отбасының діңгегі – дін мен діл, ұлттық өре мен рух.



Имандылық салтанат құрған қоғамда азғындық пен арсыздықтың қайсы түріне де орын қалмасы анық.



Қазақстан – қадамын қаз-қаз басып келе жатқан жас мемлекет. Көп салада кадрлар жетіспейтіні байқалады. Бұл түйткіл діни салаға да қатысты. Мемлекет басшысы жастарымыздың шетелде білім алуына мүмкіндік жасап, қолдау білдіріп келеді. Халқымыз дін қызметкерлеріне үлкен үміт артып отырғанын жақсы білесіздер. Сондықтан елге оралып, халық игілігі үшін қажымай қызмет етуге тиіспіз. Сіздер елге керексіздер. Дәстүрлі ислами біліммен сусындаған әрбір дін маманының елде жұмыс істеуі біз үшін, діни басқарма үшін өте маңызды. Осыны ұмытпаңыздар.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ

Білімсіз жасалған құлшылық – тамырсыз талмен тең. Тамыры терең болмаған талды жел шайқап, оңай құлатады. Сол секілді,

дінді біліммен танымаудың түбі – қасірет. Білімсіздік – бүлікке, бүлік – бөлінуге әкеп соғады. Ал Алла тағала Қасиетті Құранда: **«Түп-түгел Алланың жібінен (дінінен) бекем ұстандар да, бөлінбендер»**, – деген (*«Әли Имран» сүресі, 103-аят*).



Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді...» – деген Міржақып Дулатұлы бабамыз. Білімді алудың құралы көп. Мысалы, мешіттердегі діни сауат ашу курстарына қатысу, кітап, газет-журнал оқу, уағыз-насихат тыңдау, т.б.



Ислам – тал бесіктен жер бесікке дейін ілім алуға үндейтін білім діні. Дін жолы қиын да ауыр жол. Шыдам мен сабырлылықты қажет етеді. Осындай қиындыққа мойымай, ауылдық жерлерде имамдық қызмет атқарып жүрген молдаларға Алла разы болсын дейміз. Бүгінде елімізде діни ахуал бірқалыпты болғанымен, бізге үлкен жауапкершілік



жүктеліп отыр. Сондықтан жұмысымызды жандандыра түсіп, халқымызға қызмет етуде табандылық таныпуымыз қажет.



Кімде-кем ілімге ықылас танытып, діни білімге ден қойса, періштелер сол кісінің жолына қанатын жаяды. Алла оның жәннатқа барар жолын жеңілдетіп әрі жақындатып қояды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) хадисінде ілім алушыларды осылай сүйіншілеген. Ислам – тал бесіктен – жер бесікке дейін білім алуға үндейтін ілім діні. Алла сүйген құлдарына даналықпен ислами ілімді нәсіпетеді. Дінімізді біліммен тануға ден қойғандарыңызға Алла разы болсын!

МЕШІТ ЖӘНЕ ЖАМАҒАТ

Біз ешқашан өз тағдырымызға, өмірімізге әсте наразы болмауымыз керек. Адамзаттың абзалы, Алланың ең сүйікті құлы – пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) жетім өскенін баршамыз білеміз. Алайда Жаратушы Иеміз оның екі дүниеде де абыройын асқақтатып, көзі тірісінде

жәннатпен сүйіншіледі. Мұсылмандардың арманы – жәннат. Түсінген пенде үшін одан асқан қандай бақыт болуы мүмкін?



Алла елшісі (с.ғ.с.) хадисінде: **«Кім жер бетінде Алланың үйін салуға атсалысса, Алла тағала ол кісіге жұмақтан орын дайындайды»**, – деп өз үмбетін сүйіншілеген. Бұдан асқан қандай бақыт бар?



Мешіт – құлшылық үйі, рухани ілімнің ордасы, жастарды жақсылыққа, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін орталық, дұға қабыл болатын орын. Өскелең ұрпақты халыққа адал қызмет етуге, Отанды сүйуге, ата-ананы сыйлауға, барша адамзатты құрметтеуге, жақсы отбасы құруға, инабатты болуға тәрбилеуде мешіт пен медресенің рөлі мен маңызы зор. Құнанбай бабамыз өз қаражатына Қарқарылыдан мешіт тұрғызып, Абайдай данышпан атамызды медресеге оқуға беруі тегін емес. Ислам ілімімен сусындап, ізгілікті ту еткен ортадан шыққан Абайды бүгінде

әлем таниды. Қазақтың Мағжан, Міржақып, Ахмет, Мұстафа, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт секілді зиялылары, Алаш арыстары, ұлт жанашырлары мешіт пен медреседен тәлім алып, халыққа қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетіп кетті.



Әлемде отбасы құндылығының беделі төмендеп, ажырасулардың азаймай отырғандығы да ел болашағына балта шабууда. Бір сәттік алдамшы сезімге бой алдырып, жоспарсыз жүкті болудың салдарынан жасанды түсік тастауға бейім бойжеткендердің мәселесі де баршамызды ойландыруы тиіс. Өскелең ұрпақты мұндай жаман қылықтардан арылту жолдары қандай? Біз бұл тұрғыда не істеуіміз керек?



Тәубе есігі – пенденің дәм-тұзы таусылғанға дейін ашық.

ҰЛТТАР АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ

Аллаға шүкір, еліміз тұрақты даму үстінде. Қазақ жерінде сан алуан ұлт пен ұлыстардың өкілі тату-тәтті ғұмыр кешуде. Осының бәрі Алаш еліне берген Тәңірдің тартуы, өлшемсіз рахымы десек, сол тәуелсіз елдің тұғырын тұғырлап, туын берік ұстайтын Елбасшысын тағайындап беруі тағы бір үлкен мейірімі, нығметі деп түсінгеніміз абзал.



(Ержан қажы Малғажыұлы Майкл Сноуденге): «Бүгінде Америкадағы мұсылмандардың ахуалы қалай? Құқықтары қорғалып, ар-намыстары сақталып жатырма?» – деген сауал тастады. Бас консул эмигранттар елінде өмір сүріп жатқан мұсылман қауымының жай-күйін, тыныс-тіршілігін баяндап берді. Олардың құқықтары заң аясында қорғалып жатқанын жеткізді.



Алланың берген мүмкіндігін пайдаланып, дінімізге, халқымызға қызмет етуде қажырлық танытып, игілікті істерді жүзеге асыра беріңіздер. Халқымыздың бірлігін нығайтуда аянбай күш-жігер жұмсаңыздар.



Ислам діні ұлттарды тіліне, дініне, нәсіліне бөлмейді

ӨЗГЕ ДІН ӨКІЛІНЕ ҚҰРМЕТ ТУРАЛЫ

Қоғамдағы бағытымыз – конфессия-аралық татулық пен тағаттылықты нығайту, өзге діни бірлестіктермен бірлесе отырып өзара түсіністік және діни төзімділік дәстүрлерін күшейту. Осындай жұмыстарды одан әрі жүйелі түрде жалғастыра бермекпіз.



Діндер арасындағы үнқатысу мұсылманшылыққа да жат дүние емес. Алла Тағала Пайғамбарға (с.а.с.) басқа дін өкілдерімен сұхбат құруға шақырған. Алла Тағала былай дейді: *(Айт, уа, Пайғамбар)* «**Уа,**

Кітап иелері! Қанеки, келіндер, бізге де, сендерге де ортақ сөзге [тоқтамға] келейік те, Алладан басқа ештеңеге табынбайық, Оған ештеңені серік етіп қоспайық, бір-бірімізді Алламен бірге ие тұтпайық» деп айт. Егер де олар теріс айналса, «Біздің мұсылман екендігімізге куәгер болындар» деп айтындар» (Әли Имран сүресі, 64-аят).



Көп дінді, көп ұлтты Қазақстанның бірлігін нығайту жолында барлық дін, ұлт өкілдері ел үшін игі істерді бірігіп атқаруы тиіс.



Құрметті жамағат, бауырлар, біз бүгінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, дінді ұстануға еркін-дік берілген бейбіт заманда өмір сүріп отырмыз. Намаз оқуға, ораза ұстауға, бір сөзбен айтқанда, ізгі амал істеймін деген пендеге ешкім кедергі емес. Бұл – Алланың бізге берген шексіз нығметі емес пе? Ендеше, бөлінбейік, бір болайық.





Бір-бірімізді қолдап, жақсылықта жәрдемші болайық. Игі істерде жарысайық. Алла барша мұсылманға осылай бұйырған. Уақыттың қадірін білейік. Сонда ғана береке-бірлігіміз артып, мемлекетіміздің мерейі үстем болмақ. Жаратушы Иеміз бүгінгі жасаған ғибадат-құлшылықтарымызды қабыл етіп, баршамызға екі дүниенің бақытын нәсіп еткей!



Біз әлімсақтан кісілік кейпін сақ-тауға, ана сүтін ақтауға талпынған, дін мен дәстүрді үйлестіріп, өнегелі өмір сүрген мұсылман халықпыз. Исламның қазақ топырағына келуімен көптеген жақсылықтарға қол жеткіздік. Салт-дәстүріміз, бітім-болмысымыз Исламмен бітеқайнасып, өркениетке қадам басқан қазақпыз.



Халқымыздың теріс ағымдарға қарсы иммунитетін қалыптастырудың негізгі тетігі – діни ағартушылық.



Ислам – өзге дін өкілдеріне құрмет көрсетуге үндейтін кемел дін. Өйткені, Ислам мұсылмандарды біреуге тілімен де, қолымен де зарар тигізбеуге үндейді. Көп дінді, көп ұлтты Қазақстанның бірлігін нығайту жолында барлық дін, ұлт өкілдері ел үшін игі істерді бірігіп атқаруы тиіс.



Өз пайғамбарымыз (с.а.с.) көршілермен қандай мәміледе болу керектігі туралы өз хадисінде: «Егер көршің өзге дін өкілдерінен болса, онда сенің мойныңда бір ақысы бар. Ол сенің көршің болғаны үшін. Егер көршің мұсылман болса, екі міндетің бар. Ол – бірінші көршің, екінші мұсылман болғаны үшін. Ал егер көршің мұсылман-туысқаның болса, үш міндетің бар. Ол – көршің, мұсылман әрі туысқаның болғаны үшін», – деген.



МҮФТИЯТ - ЖАЗАЛАУШЫ ОРГАН ЕМЕС

Діни басқарманың дін саласындағы рөлі – бөлшектеу емес, біріктіру. Мұсылмандарды мұфтият төңірегіне топтастыру. Ауызбіршілікті арттыру. «Ірімейік, бірігейік» деген ұран тастап, ынтымаққа үндейміз.



Мұфтият – жазалаушы орган емес. Күштеу, мәжбүрлеу – дінімізге жат. Біз кез-келген дін өкілімен диалог жасауға мүдделіміз. Түсіндіру, наси-хат айту, үлгі болу – мақсатымыз. Ұр да жық мінез – мұсылманға, дін өкіліне жараспайды.



Мұфтият – мұсылмандардың қара-шаңырағы, бірлікке бастайтын діни мекеме. Халқымызда: «Бірлік–береке бастауы», – деген нақыл бар. Баршаңызды сауапты да жауапты жұмыстарды бірігіп жасауға шақырамын. Алла тағала екі дүниеде де дәрежемізді арттырып, жүзімізді жарық еткей.



ҚМДБ-ның алға қойған мақсаттарының бірі – жаһандық сипат алып отырған жат ағымдар мен деструктивті топтардың алдын алып, халықты соңынан жетелей алатын заманауи дін қызметкерінің тұлғасын қалыптастыру.

ТҮСІК ЖАСАТУ - АДАМ ӨЛТІРГЕНМЕН ТЕҢ

Түсік жасату – адам өлтіргенмен пара-пар. Қасиетті Құранда «Біреудің жанын қимандар, бір адамды өлтірудің күнәсі – барлық адамды өлтірумен тең, қиямет күні күнәсіз өлтірілген балалардың есебі сұралғанда... деген аяттар бар. Расында да, бүгінде бүкіл әлем «жасанды түсік» дейтін үлкен қасіреттен құтыла алмай отыр.



Біз бүгінде жасанды түсіктен арылудың ғана емес, оған апармаудың да жолдарын қарастырғанымыз абзал.



НАҚЫЛ СӨЗ, МАҚАЛ-МӘТЕЛ ТУРАЛЫ

Халық ауыз әдебиетінің ойсалар озық саласы – мақал-мәтелдерде көтерілген тақырып, айтылар ой, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) даналығымен үндесуі соның дәлелі дер едік. Мақал – халықтың моральдық кодексі, тәлімі мол тәрбие қағидасы. Күнделікті айтып жүрген нақыл сөздерді Алла Елшісінің (с.а.с.) хадисінен табамыз. Мақал-мәтелдердің кейбіреуі әрі тілдік, әрі мағына жағынан да хадис мәтіндерімен бірдей.



Исламның дәстүрімізге сіңіп кеткені сонша, көптеген мақал-мәтелдер Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадисінен алынған. Мысалы: «Үйден бұрын көрші тап, жолға шықпай тұрып жолдас тап», – деген хадис бар. Халқымыз осы өсиетті нақылға айналдырып: «Сапарға шықпас бұрын серігіңді сайла, үй алмас бұрын көршіңді ойла», – деген. Хадисте: «Асықпау – Рахманнан (Алладан), асығу – шайтаннан», – делінсе, халық арасында:

«Асыққан шайтанның ісі», – деген нақыл кең тараған. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Кеңес қылған ел азбас», – деп өсиет етсе, осы хадисті халқымыз да өмірінің өзегіне айналдырып, бертін келе мақал ретінде айтылып, тіпті, қасына ұйқасын келтіріп былай деген: «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас». Мұндай мысалдар жетерлік.

ОРАЗА ТҰТУШЫҒА БЕРІЛГЕН БЕС ҚАСИЕТ

Имам Ахметтің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген риуаятында Алланың Елшісі (с.а.с.) ораза тұтушының ерекше қасиеттері жайында былай дейді: «Менің үмбетіме рамазан айында бұдан бұрын ешбір үмбетке берілмеген бес түрлі қасиет берілді:

1. Ораза тұтушының аузының исі Алланың алдында хош иісті мисктен, сөзсіз, артық болады;

2. Ауыздарын ашқанша періштелер олар үшін Алладан истиғфар тілеп тұрады;

3. Алла Тағала рамазан айының әрбір күні жәннатын безендіріп оған: «Менің ізгі құлдарымның ауыртпалықтар мен тауқыметтерден тастап, саған кіретін күні

жақын қалды», – дейді;

4. Бұл айда жындардың біразы шын-жырланып, басқа айларда істейтін нәрселерін істей алмайды.

5. Ал соңғы түні болғанда олардың (мұсылмандардың) күнәлары кешіріледі». Сахабалар: «Уа, Расулалла! Ол түн Қадір түні ме?» – деп сұрағанда, Ол (с.а.с.): «Жоқ, жұмысшы да ісін толық бітірген соң өзінің сыйын алмаушы ма еді? Сол сияқты» – деген.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ

БАҚ – Діни басқарма мен халықты жақындататын алтын көпір деп білемін. Олай дейтінім, елімізде он алты миллион адам болса оларға бір мезетте айтқан сөзімізді жеткізетін телеарналар мен радиолар екені сөзсіз. Мұндай мүмкіншілік біздерге берген үлкен нығмет.



Әйгілі қолбасшы Наполеон Бонапарттың:
«Мен алты қатар әскерден емес, алты

беттік газеттің идеологиясынан қорқамын», – деуі газеттің маңызды рөл атқаратынын айғақтайды. Ахмет Байтұрсынұлы атамыздың «Қазак» газетін шығаруы да халықты ізгілікке, жақсылыққа шақырудан туған игі мақсат еді. Олай болса, баршаңызды елдің игілігі жолында бірлесе қызмет етуге шақырамын. Төл мерекелеріңіз құтты болсын. Алла тағала жұмыстарыңызға береке беріп, ізгі істеріңізді сауаптан жазғай!

ЖАСТАР – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз: *«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»* дегендей, баламыздың тәрбиесі мен болашағына сергек қарайық. Ол үшін ұрпағымыздың санасына ізгіліктің дәнін сеуіп, ұлттық құндылықтарды, имандылықты үйретуіміз керек. Ондай тәрбие беретін орта – мешіт.



Бүгінгі жаһандану ғасырында ғаламдық құндылықтарға қауіп төніп отырған сындарлы

уақытта жастар тәрбиесі қай уақытта да өзектілігін жоғалтпайтын тақырып.



Асыл дініміз Исламда ілім алудың өте маңызды екенін жақсы білесіздер. Исламды білімсіз танудың зардаптары да бар. Өзге діни ағымның арбауына кетіп қалудың бірден-бір себебі – дәстүрлі ислами ілімнің, түсініктің жоқтығынан. Шариғаттың сан-салалы ілімін түсінбеген адам өзін де өзгені де адастырады. Сондықтан Исламға пайдамыз тимесе де зиянымызды тигізбейікші.



Егемендігімізді баянды ете түсу үшін әрбір азамат еліміздің болашағына, жастарымыздың келешегіне елеңдеуі тиіс.



Асыл дініміз Исламда балаларға жақсы көңіл күй сыйлау, оларды ізгілікке тәрбиелеу – маңызды амалдардың бірі. Пайғамбарымыз (с.а.с.) кімде-кім жетімге қамқорлық көрсетсе,

сол пенде жәннатта өзімен бірге болатынын сүйіншілеген. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан оларға ұдайы көңіл бөліп, тәрбиесіне аландауымыз қажет.



Қазақ жерінің әр өңіріне тән қыздардың сәукелесі мен әйел кимешегі болған. Тіпті, әйелдердің жас ерек-шеліктеріне де байланысты кимешек үлгілері тігілген. Бүгінгі таңда да Құран өлшемдерін ескере отырып, заман талабына сай әр түрлі ұлттық орамалдардың үлгілерін тігіп киюге болады. Оған шарифатымыз рұқсат етеді.



Ағаштың өзегін құрт жемес үшін дінгегін ақтағаны секілді, ертең жастарымыздың елімізге, дінімізге адал қызмет етуі үшін ислами түсінікті өз деңгейінде қалыптастыруға атсалысқанымыз абзал. Ал ол иммунитетті ата-бабаларымыздың сан ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан Ислам дінінен табарымыз сөзсіз.





Дәстүрлі дініміз Исламда жас ұрпақтың санасына ізгіліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді атаның баласы емес, адамның баласы болуға баулу айрықша маңызға ие.



Жастар арасындағы кері құбылыстар мұсылман бауырларымыздың арасында да кездесіп отырғаны жанға батуда. Қазақ қоғамы да осы шындықтармен бетпе-бет келуі жасырын емес. Сергектік жастарға тән қасиет болғандықтан, спортты іні-қарындастарымыздың жан сері-гіне айналдыра білу де маңызды. Хадистерде жастарды суға жүзу, жүгіру, күрес, садақ ату сынды спорт түрлеріне баулу керектігі айтылса да, бүгінде Ислам әлемі спортта өз биігінен көріне алмай отыр. Ендеше, бізде әлемдік додаларда топ жаратын мұсылман жастарды шығаруға атсалысуымыз қажет. Бүгінгі таңда жеткіншектер арасында семіздік ауруының кең тарап бара жатқаны да алаңдатады. Бұның да алдын алу қажет. Алайда мұның жауабы Исламда қамтылған. Яғни ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу керектігін

Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтып, ісжүзінде көрсетіп үлгі болып кеткен. Шариғатымызда ненің харам, ненің халал екені ашық та айқын көрсетілген.



Әр нәрсенің пайда мен зиянды тұстары болады. Мәселен, интернетті білімді, қабілетті арттыру мақсатында пайдаланудың маңызы зор. Өкінішке қарай, кейбір іні-қарындастарымыз адамды рухани аздырып, ар мен ұяттан жұрдай етуге жетелейтін сайттарды пайдалануда.



Білімді жастар ғана ел дамуына жол ашады. Орта ғасырларда Ислам әлемге математика, химия, астрономия, медицина, сәулеткерлік, философия мен поэзия салаларында ұлы жаңалықтар мен ашылуларды сыйлады. Бұл қуатты интеллектуалдық өркениетті құруға негіз қалады. Бүгін де осындай қуатты тарихи іргетасқа сүйене отырып, Ислам өркениетінің интеллектуалдық рөлін қайта жаңғырту – күн тәртібінде. Демек, ендігі кезекте жастар білім тұрғысынан өзге жұртпен терезесі тең деңгейден табылуы тиіс.



Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Егемен Қазақстан» газеті
«Конституция – діни сенім
бостандығының кепілі» Сәрсенбі, 20
ақпан 2013ж.
2. «Ислам және өркениет» газетінің 2013
жылғы №5-6 сандары.
3. Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының ресми www.muftiat.kz
сайты (жаңалықтар бөлімі).
4. ОҚО облыстық орталық мешіттің ресми
www.kattani.kz сайты.
5. www.Islamdini.kz
6. «Егемен Қазақстан» газеті №182 (28121)
3 тамыз, сенбі 2013 жыл.
7. «Заң газеті»
8. «Алматы ақшамы» газеті, № 63, 23
мамыр, бейсенбі, 2013 жыл

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
Өмірдерек.....	10
Ізгі тілектер мен оралымды ойлар.....	15
Бас мүфтидің ғибратты сөздері.....	28
Ислам - бейбітшілік діні.....	29
Мешіт қызметкерінің міндеті.....	33
Дін мен салт-дәстүрдің сабақтастығы.....	38
Еңбек және спорт туралы.....	41
Тарих тағылымы туралы.....	43
Шәкірт тәрбиелеу.....	46
Мешіт – рухани орталық.....	50
Әділдік пен заңдылық.....	52
Ұстаз бен ата-ананың құрметі.....	54
Құран кәрім туралы.....	56
Тіл мен діл.....	58
Ислам мейрамдары туралы.....	60
Қажылық – жауапкершілігі мол парыз.....	61
Ынтымақ пен бірлік туралы.....	62
Мәдениет пен насихат туралы.....	65
Тәуелсіздіктің көк байрағы.....	68
Білім мен ғылым туралы.....	74
Мешіт және жамағат.....	76
Ұлттар арасындағы достық пен келісім туралы.....	79
Өзге дін өкіліне құрмет туралы	80
Мүфтият - жазалаушы орган емес	84
Түсік жасату - адам өлтіргенмен тең.....	85
Нақыл сөз, мақал-мәтел туралы.....	86
Ораза тұтушыға берілген бес қасиет.....	87
Бұқаралық ақпарат құралдары туралы.....	88
Жастар – біздің болашағымыз.....	89

Құрастырған
Мұхамеджан Естеміров

*Кітаптың демеушісі Ботагөз қажы Мұсатайқызы
«Сенбекова и К» қажылық компаниясының
төрайымына Алла разы болсын!*

*Осы қажылыққа ниет білдірген мұсылмандарға
қасиетті Мекке, Мәдина шаһарларына қажылық етуге
қызмет етеді.*

*Мекен-жайы: Шымкент қ, Республика көшесі № 14/43.
Тел: 8 (7252) 56-22-25, 47-64-26*

Редакторы Ербол Сүлейменов
Көмекшісі Дидархан Мұхамеджанұлы
Тех.редакторы Абзал Жауһаров

*Ақылдастар алқасы; Ербосын Бектұрсынұлы,
Амангелді Есей,
Талғат Әсембай, Әділбай Тойшиев, Бекзат Сыздықов
Рахметұлла Жұмәділлев, Дастан Желеуов*

Басуға берілген 15.08.2013ж.
Баспа табағы 6. Офсеттік басылым.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №.
Бағасы келісім бойынша.
«АЗИАТ» баспаханасында басылды.
Шымкент қ, Ғ.Иляев көш. 18, офис-108.